

А.А. Шонай^{1*}, **О.А. Моргунова²**¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан²Ресей халықтар достығы университеті (РХДУ), Мәскеу, Ресей

*e-mail: shonayaskar@gmail.com

КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНА ӘСЕРІ

Мақала жаһандық климаттың өзгеруі мен Еуропалық Одақтың көші-қон саясатындағы өзгерістер арасындағы кешенді байланыстарды талдайды. Зерттеу климаттың өзгеруі және олардың Сирия, Ауғанстан, Сомали және Бангладеш сияқты Климаттық апаттарға осалдығы жоғары аймақтардан көші-қон ағындарына әсері туралы деректерді талдауға негізделген. Жұмыс климаттың өзгеруі халықтың ішкі және трансшекаралық қозғалысына әкелетін әлеуметтік-экономикалық факторларды қалай күшейтетінін көрсетеді. Мақалада қауіпсіздік, интеграция және халықаралық ынтымақтастық мәселелерін қоса алғанда, Еуропалық Одақ үшін осы көші-қон процестерінің салдары қарастырылады. Авторлар Еуропалық Одақтың Климаттық сын-қатерлерге бейімделген көші-қон саясатын жақсарту, соның ішінде Климаттық босқындарды қорғау үшін жаңа заңнамалық негіздерді әзірлеу және климат пен көші-қон саласындағы халықаралық ынтымақтастықты күшейту үшін стратегиялық нұсқаулар ұсынады. Аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін маңызды болып табылатын мигранттарды интеграциялау мәселелеріне тиімді тәсілдер талқылануда. Зерттеу климаттық өзгерістердің күшеюі жағдайында Еуропалық Одақтың көші-қон саясатын қайта қарау және жақсарту үшін негіз бола алатын құнды деректер мен аналитикалық қорытындыларды ұсынады. Сондай-ақ зерттеу климат пен көші-қон саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді, бұл климаттық босқындар мәселесінің жаһандық шешімдерін әзірлеу үшін маңызды.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, климат, көші-қон, саясат, босқындар.

A.A. Shonay^{1*}, O.A. Morgunova²¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan²Peoples' Friendship University of Russia (RUDN), Moscow, Russia

*e-mail: shonayaskar@gmail.com

The Impact of Climate Change on the Migration Policy of the European Union

This article analyses the complex interrelationships between global climate change and changes in the migration policy of the European Union. The study is based on an analysis of data on climate change and its impact on migration flows from regions highly vulnerable to climate disasters, such as Syria, Afghanistan, Somalia and Bangladesh. The paper emphasises how climate change amplifies socio-economic factors leading to internal and cross-border population movements. The study then examines the implications of these migration processes for the European Union, including the challenges to security, integration and international cooperation that they present. Authors then offers strategic recommendations for improving the European Union's migration policy in order to adapt it to climate challenges, including developing a new legislative framework for the protection of climate refugees and strengthening international cooperation on climate and migration. The study concludes with a discussion of effective approaches to the challenges of migrant integration, which are important for maintaining social stability in the region. The study provides valuable data and analyses that can serve as a basis for revising and improving the European Union's migration policy in the context of increasing climate change. The study also emphasises the importance of international cooperation on climate and migration, which is important for developing global solutions to the climate refugee problem.

Keywords: European Union, climate, migration, policy, refugees.

А.А. Шонай^{1*}, О.А. Моргунова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Российский университет дружбы народов (РУДН), Москва, Россия

*e-mail: shonayaskar@gmail.com

Влияние климатических изменений на миграционную политику Европейского Союза

Статья анализирует комплексные взаимосвязи между глобальным изменением климата и изменениями в миграционной политике Европейского Союза. Исследование основывается на анализе данных о климатических изменениях и их влиянии на миграционные потоки из регионов с высоким уровнем уязвимости к климатическим катастрофам, таких странах как Сирия, Афганистан, Сомали и Бангладеш. Работа подчеркивает, как изменения климата усиливают социально-экономические факторы, приводящие к внутреннему и трансграничному перемещению населения. В статье рассматриваются последствия этих миграционных процессов для Европейского Союза, включая вызовы безопасности, интеграции и международного сотрудничества. Авторы предлагают стратегические рекомендации для улучшения миграционной политики Европейского Союза, адаптированной к климатическим вызовам, включая разработку новых законодательных рамок для защиты климатических беженцев и усиление международного сотрудничества в области климата и миграции. Обсуждаются эффективные подходы к проблемам интеграции мигрантов, что имеет важное значение для поддержания социальной стабильности в регионе. Исследование предоставляет ценные данные и аналитические выводы, которые могут служить основой для пересмотра и улучшения миграционной политики Европейского Союза в контексте усиления климатических изменений. Также исследование подчеркивает значимость международного сотрудничества в области климата и миграции, что важно для разработки глобальных решений проблемы климатических беженцев.

Ключевые слова: Евросоюз, климат, миграция, политика, беженцы.

Кіріспе

Соңғы жылдары әлемдік қауымдастық климаттық өзгерістердің салдарын, әсіресе олардың көші-қон үдерістеріне әсерін көбірек сезінуде. Өзгерістер халықтың үлкен топтарының қоныс аударуына алып келеді, бұл көптеген елдердің, соның ішінде Еуропалық Одақтың көші-қон саясаты үшін елеулі сын-тегеурінге айналады. Температураның жоғарылауы, су тасқыны, құрғақшылық және басқа да климаттық апаттардың салдарынан өмір сүру жағдайларының нашарлауы адамдарды өмір сүруге жана орын іздеуге мәжбүр етеді, бұл сөзсіз ауқымды көші-қон ағындарына алып келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі агенттігінің бағалауы бойынша, әлемдегі босқындар мен ішкі көші-қонға ұшыраған адамдардың 70%-дан астамы климаттық өзгерістерге ең осал елдерден – Ауғанстан, Сирия, Сомали және Йемен сияқты мемлекеттерден шығады (Asylum Report, Climate-induced displacement, 2023). Мұндай көші-қон толқындарының қысымына тап болған ЕО осы жаңа қиындықтарға төтеп беру үшін көші-қон саясатын қайта қарастырып, бейімдеуге мәжбүр. Осы зерттеуде климаттық өзгерістердің Еуропалық

Одақтың көші-қон саясатына нақты қандай түрде әсер ететіні және өзгеріп отырған жағдайға тиімді ден қою үшін қандай стратегияларды әзірлеуге болатынына талдау жасауға негізгі назар аударылады.

Зерттеу жұмысы көші-қон үдерістерінің сандық сипаттамасын және олардың климаттық өзгерістермен өзара байланысын айқындауға мүмкіндік беретін статистикалық деректерді кешенді талдау негізінде жүргізілді. Халықаралық ұйымдардың есептік материалдарын зерттеуге енгізу мәселеге жан-жақты көзқарас қалыптастырып, кең географиялық әрі мәдени контексті қамтуға жағдай жасайды. Аталған есептерді талдау нәтижесінде климаттық өзгерістердің әлемнің әртүрлі аймақтарында көші-қон үдерістеріне әсер етуінің жалпы заңдылықтары мен жекелеген, бірегей көріністерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – жаһандық климаттық өзгерістер жағдайында Еуропалық Одақ елдерінің саяси жүйелерінің орнықтылығы мен бейімделгіштігін қамтамасыз етуге бағытталған көші-қон үдерістерінің салдарын жұмсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Аталған ұсыныстар қолданыстағы ахуалды ғана емес, сондай-ақ болжамды даму жағдайларын да

ескеретін қазіргі саяси жағдайды терең талдауға негізделеді.

Климаттың өзгеруі Біріккен Ұлттар Ұйымының анықтамасына сәйкес ұлттық шекаралармен шектелмейтін әрі оны еңсеру үшін бірлескен күш-жігерді талап ететін жаһандық мәселе болып табылады (Глобальные вопросы повестки дня. Изменения климата, 2020). Қойылған мәселе табиғи және антропогендік факторлардың ықпалымен туындайтын температура мен ауа райы жағдайларының ұзақ мерзімді ауытқуларын қамтиды. БҰҰ деректеріне сәйкес, климаттың антропогендік өзгеруінің негізгі себебі қазба отындарын пайдалану болып табылады, бұл ең алдымен көмірқышқыл газының бөлінуіне алып келетін парниктік газдар шығарындыларының артуына алып келіде (What Is Climate Change? United Nations, 2024). Еуропалық Одақтың деректеріне сәйкес, климаттық өзгерістердің өзге себептеріне ормандардың жойылуы, ірі қара мал шаруашылығын дамыту, азот құрамды тыңайтқыштарды қолдану, сондай-ақ фтор құрамды газдардың пайдаланылуы жатады. Климаттық өзгерістердің салдары алуан түрлі болып, табиғи (мысалы, ауа температурасының көтерілуі, су тасқындары), әлеуметтік (мысалы, халық денсаулығы), экономикалық (мысалы, инфрақұрылымның осалдылығы) және аумақтық аспектілерді (мысалы, Арктикадағы мәңгі тоңның еруі) қамтиды (Causes of climate change. European Commission, 2023). Аталған өзгерістер көші-қон саясатына елеулі ықпал етеді, себебі олар халықтың аймақ ішіндегі де, аймақтан тыс жерлерге де қоныс аударуын туындатып, жаңа жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде Еуропалық Одақ елдерінің көші-қон стратегияларын қайта қарау мен бейімдеу қажеттілігін айқындайды.

Еуропалық Одақтың көші-қон саясатына климаттық өзгерістердің ықпалын талдауға кіріспес бұрын, «көші-қон» ұғымының мәнін нақтылап алған жөн. Саяси тұрғыдан алғанда, көші-қон – адамдардың орын ауыстыру үдерісі ретінде саяси жүйелерге, мемлекеттік саясатқа және халықаралық қатынастарға ықпал ететін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік пен интеграция мәселелерін қамтитын құбылыс болып табылады. Құқықтық және әлеуметтану әдебиеттерінде «көші-қон» ұғымы «халықтың қозғалысы», «халықтың көші-қон қозғалысы» немесе «халықтың механикалық қозғалысы» сияқты әртүрлі терминдер арқылы сипатталады. Халықтың көші-қоны (лат. *migratio* – қоныс аудару) адамдардың

әртүрлі аймақтар немесе мемлекеттер арасындағы, кей жағдайда ұйымдасқан түрде және едәуір қашықтықтарға жүзеге асатын қозғалысын қамтиды. Көші-қон үдерістері тартушы (оң) және итермелеуші (теріс) факторлардың ықпалымен туындауы мүмкін.

Соңғы он жыл ішінде Еуропада әртүрлі себептердің ықпалымен көші-қон ағындарының күшеюі байқалды. Көші-қон – экономикалық, саяси, мәдени факторлармен қатар, әсіресе климаттық және табиғи жағдайлардың әсеріне ұшырайтын күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Ғылыми әдебиеттерде аталған факторларды талдаудың әртүрлі тәсілдері қарастырылады. Әсіресе климаттық өзгерістердің ықпалы өзекті бола түсуде, себебі бұл үдерістер әлеуметтік-экономикалық және саяси қиындықтарға тап болған елдер мен өмір сүру жағдайлары неғұрлым қолайлы мемлекеттер арасындағы көші-қон ағындарын күшейтеді. Сонымен қатар, Еуропа елдері мигранттарды тек гуманистік себептерге байланысты ғана емес, сондай-ақ ХХІ ғасырдың басында айқын сезіле бастаған туу деңгейінің төмендеуі мен халықтың қартаюы сияқты демографиялық мәселелерді шешу мақсатында да қабылдайды.

Климаттық өзгерістер бірқатар елдердің халқын тұрақтылық пен қауіпсіздікті іздеу мақсатында Еуропаға баспана іздеуге мәжбүр етуде. Сонымен қатар, жөнелтуші елдердегі туу көрсеткіштерінің жоғары болуы және қабылдаушы мемлекеттердегі оның төмен деңгейі арқылы сипатталатын демографиялық тұрақсыздық көші-қон ағындарының қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады. Дамушы елдердегі, әсіресе Солтүстік Африка аймағындағы халық санының өсуі, сондай-ақ Таяу Шығыстағы әскери-саяси қақтығыстар да көші-қон үдерістерінің күшеюіне ықпал етеді. Қазіргі заманғы көші-қон ағындары жаһандық, ауқымды және көпфакторлы сипатқа ие болып, әлемдік әлеуметтік-экономикалық кеңістікті динамикалық түрде өзгертуде.

Әдеби шолу

Климаттық өзгерістердің Еуропалық Одақтың көші-қон саясатына ықпалына арналған ғылыми зерттеулер жаһандық жылыну мен көші-қон үдерістері арасындағы өзара байланыстың барған сайын мойындалып келе жатқанын көрсетеді. Соңғы онжылдықтарда бұл бағыттағы зерттеулер айтарлықтай кеңейіп, климаттық өзгерістердің көші-қон ағындарына тигізетін ті-

келей және жанама әсерлерін талдауға арналған еңбектерді қамтыды.

Huq S., Ahmed A.U., Koudstaal R. (1996), Davis K.F., Bhattachan A., D'Odorico P., Suweis S. (2018), Ahmadalipour A., Moradkhani H., Castelletti A., Magliocca N. (2019), сондай-ақ Jacqueline B. (2016) еңбектерінде климаттық өзгерістер көші-қонның «жаңа қозғаушы күші» ретінде қарастырылады. Авторлар экстремалды ауа райы құбылыстары мен табиғи жағдайлардың нашарлауы халықтың ауқымды қоныс аударуына алып келуі мүмкін екенін атап көрсетеді. Бұл, әсіресе, климаттық өзгерістерге бейімделу деңгейі төмен аймақтарға тән, мұндай жағдайларда тұрғындар өз әл-ауқатына тікелей қауіптің алдын алу мақсатында көші-қонға мәжбүр болады.

Ал басқа бірқатар зерттеулерде Ali S., Liu Y., Ishaq M., Shah T., Abdullah, Ilyas A., Din I. (2017), Cai R., Feng S., Oppenheimer M., Pytlikova M. (2016), Buhaug H., Urdal H. (2013) климаттық өзгерістердің қолданыстағы көші-қон үрдістерін күшейту тетіктерін, әсіресе урбанизация және өмір сүру жағдайларын жақсарту үдерістері аясында талдайды. Авторлар климаттың өзгеруі бұрыннан қалыптасқан урбанизация үдерістерін жеделдетіп, адамдарды жақсырақ жағдайлар мен мүмкіндіктер іздеу мақсатында ауылдық аймақтардан қалаларға қоныс аударуға итермелейтінін атап өтеді.

Еуропалық Одақ шеңберінде, әсіресе 2015 жылғы көші-қон дағдарысынан кейін, климаттық өзгерістер мен көші-қон мәселелерін талқылау айрықша өзектілікке ие болды. Рубинский Ю.И. (2013), Бибикова О.П. (2016), Тафуро Э.А. (2020), Ярыгин Г.О. (2020), Грачева М.Л. (2020), Killelea S. (2020) еңбектерінде көші-қон ағындарына қатысты саяси жауаптардың климаттық құрамдасты қалайша біріктіретіні көрсетіліп, саясаткерлер мен заң шығарушылардан көші-қонды басқарудың қолданыстағы тәсілдерін бейімдеуді талап ететіні негізделеді.

Климаттық өзгерістердің Еуропалық Одақтың көші-қон саясатына ықпалы бірқатар академиялық зерттеулерде қарастырылып, жаһандық жылыну мен көші-қон үдерістері арасындағы өзара байланыстың барған сайын мойындалып келе жатқанын көрсетеді. Соңғы онжылдықтардағы зерттеулер климаттық өзгерістердің тікелей және жанама әсерлерін қамтып, әсіресе климаттық өзгерістерге бейімделу мүмкіндігі шектеулі өңірлерден туындайтын көші-қон ағындарының

артуына ықпал ететін факторларды айқындайды. Ауқымды ғылыми еңбектерде экстремалды ауа райы құбылыстары мен өмір сүру жағдайларының нашарлауы көші-қонның негізгі триггерлері ретінде талқыланады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдауға негізделеді, оның ішінде Еуростаттың статистикалық деректері, халықаралық және аймақтық ұйымдардың есептері, сондай-ақ рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми еңбектер қамтылды.

Зерттеу әдіснамасы деректерді сапалық және сандық тұрғыдан талдауды қамтиды. Сапалық талдау климаттық өзгерістерге байланысты көші-қон мәселесін зерттеуге арналған теориялық ұстанымдар мен алдыңғы ғылыми еңбектерді түсінуге бағытталған әдеби дереккөздерді зерделеу және синтездеу арқылы жүзеге асырылды. Сандық талдау көші-қонға тартылған адамдар саны, олардың қоныс аудару себептері және қабылдаушы елдердің әлеуметтік-экономикалық ортасына тигізетін әсері жөніндегі статистикалық деректерді өңдеуді қамтыды. Ерекше назар климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы (МГЭИК) мен Экономика және бейбітшілік институты (ЭБИ) әзірлеген әртүрлі климаттық сценарийлер негізінде әлеуетті көші-қон үрдістерін модельдеуге аударылды (Institute for Economics & Peace, 2007).

Осы зерттеу жұмысының негізінде қарастырылатын мәселе климаттық өзгерістердің Еуропалық Одақтың көші-қон саясатына қалай ықпал ететіні және аталған өзгерістердің аймақтың қоғамдық-саяси құрылымына тигізетін теріс әсерін барынша азайту мақсатында қандай бейімделу стратегияларын әзірлеуге болатыны болып табылады. Зерттеу барысында климаттық өзгерістердің күшеюі көші-қонға тартылатын адамдар санының артуына алып келіп, бұл өз кезегінде Еуропалық Одақтан көші-қон саясатына қатысты қолданыстағы тәсілдерді қайта қарауды және осы үдерісті басқаруға арналған жаңа құралдарды енгізуді талап етеді деген гипотеза ұсынылды.

Зерттеудің нәтижелерін климаттық өзгерістерге байланысты туындайтын жаңа сын-қатерлерге Еуропалық Одақтың көші-қон саясатын бейімдеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу барысында пайдалануға болады, бұл өз кезегінде

гуманитарлық және әлеуметтік сипаттағы өзекті мәселелерге тиімді жауап беру қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Нәтижелер және талқылау

Климаттық және демографиялық өзгерістерге байланысты туындаған көші-қон сын-қатері қазіргі кезеңде ең айқын түрде Еуропалық көші-қон дағдарысы түрінде көрініс тапты. Көші-қон дағдарысына қатысты алғашқы елеулі халықаралық талқылаулар 2015 жылы Брюссель қаласында өткен Еуропалық Одақ пен Түркия арасындағы саммит барысында жүргізілді. Аталған іс-шарада жылдың алғашқы он айында Еуропаға шамамен 1,5 миллионға жуық мигрант келгені атап өтілді (Бибикова, 2016, 61). Еуростат мәліметтері бойынша 2024 жылға дейінгі деректерге сәйкес, Еуропалық Одақ елдерінде шамамен 1,3 миллион көші-қонға тартылған тұлға тұрақты тұрады. Олардың ішінде ең үлкен үлесті сириялықтар – 50 %, ливиялықтар – 15 %, ирактықтар – 10 %, ауғанстандықтар – 8 %, сондай-ақ Таяу Шығыс пен Африканың өзге де елдерінің азаматтары – 17 % құрайды (Migration and asylum in Europe – 2024 edition, 2024).

Сирия: қақтығыс жағдайындағы құрғақшылық пен көші-қон. Сирия климаттық өзгерістер, қақтығыс және көші-қон арасындағы өзара байланысты айқын көрсететін ең жиі келтірілетін мысалдардың бірі болып табылады. 2000-жылдардың ортасында ел аумағында 2006–2010 жылдарды қамтыған бұрын-соңды болмаған құрғақшылық кезеңі орын алып, ол аймақ тарихындағы ең ауыр климаттық құбылыстардың бірі ретінде бағаланады. Ұзаққа созылған бұл құрғақшылықтың салдарынан, әсіресе Сирияның солтүстік-шығыс аймақтарында ауыл шаруашылығы өндірісі күрт құлдырап, шамамен 1,5 миллионға жуық ауыл тұрғыны өз ауылдарын тастап, қалаларға қоныс аударуға мәжбүр болды. Климаттық фактор бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді одан әрі ушықтырды: егін өнімділігінің төмендеуі мен күнкөріс көздерінің жойылуы ауылдық өңірлердегі наразылықтың күшеюіне алып келді, бұл өзге де себептермен қатар азаматтық қақтығыстың өршуіне ықпал етті. Ғылыми зерттеулер Сирия аумағындағы ұзақ мерзімді құрғақшылықтардың жоғары ықтималдықпен жаһандық климаттың өзгеруімен байланысты екенін және болашақта мұндай құбылыстардың жиілігі арта

түсетінін растайды. 2020 жылдан бастап Евфрат алабының өңірлері жауын-шашынның созылмалы тапшылығы мен ауа температурасының жоғарылауынан зардап шегіп келеді, бұл өзендер мен жер асты сулары деңгейінің төмендеуіне алып келді; 2022 жылғы деректер бойынша Сириядағы су ресурстарының жиынтық шығыны 2,2 млрд м³ көлемінде бағаланады.

2021 жылы Сириядағы бидай өнімі 1,05 млн тоннаға дейін қысқарып, бұл 2002–2011 жылдар аралығындағы орташа деңгейдің төрттен бірін ғана құрады және соңғы шамамен елу жылдағы ең төмен көрсеткіш ретінде тіркелді. Осылайша, қайталанатын құрғақшылықтар, ауа температурасының өсуі және өзендердің трансшекаралық ағынының қысқаруын қоса алғанда, су ресурстарын басқарудағы тиімсіз саясат азық-түлік пен су қауіпсіздігі саласында өткір дағдарыстың қалыптасуына алып келді. Бұл жағдай халыққа түсетін қысымды күшейтіп, ішкі көші-қонның да, сондай-ақ шетелге қоныс аударудың да артуына ықпал етті. Климаттық күйзелістер Сириядан шыққан көпмиллиондық көші-қон ағынының қалыптасуына әсер етіп, оның 2010-жылдардың ортасында Еуропаға жетуіне негіз қалады. Қақтығыстың тікелей қозғаушы күші соғыс болғанымен, климаттың өзгеруі қақтығыс алғышарттарын тереңдетіп, нәтижесінде сириялықтардың жаппай қоныс аударуына алып келген «қауіп-қатерлерді көбейтуші» фактор ретінде маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн.

Соңғы он жыл ішінде Сирия халқының жартысынан астамы қоныс аударуға мәжбүр болды, оның ішінде 6,8 млн-нан астам босқын ел аумағынан тыс жерлерге кеткен. Сирия азаматтары әлі күнге дейін Еуропада баспана сұраушылардың ең ірі тобы болып қалып отыр: 2024 жылы ЕО+ елдерінде сириялықтардан шамамен 151 мың баспана беру жөніндегі өтініш тіркелді (Latest Asylum Trends – Annual Analysis, 2024). Қарулы қақтығыстардың қарқындылығының төмендеуіне қарамастан, құрғақшылық, топырақтың деградациясы және су тапшылығы сияқты климаттық мәселелер сириялықтарды, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында, күнкөріс көздерінен айыруды жалғастырып отыр, бұл босқындардың отанына оралуын қиындатып, кейбір азаматтарды гуманитарлық осалдыққа байланысты мерзімінен бұрын репатриациялауға қатысты аландаушылық сақталып отырған Еуропалық Одақ аумағында да баспана іздеуді жалғастыруға итермелейді.

Сирия мәселесі бойынша Еуропалық Одақ қабылдаған шаралар. 2015–2016 жылдары сириялық босқындардың бұрын-соңды болмаған ауқымда келуімен бетпе-бет келген Еуропалық Одақ Еуропа аумағында да, сондай-ақ дағдарысқа ұшыраған аймақта да кешенді шаралар жүйесін іске қосты. ЕО-ның сыртқы бастамалары сириялық босқындардың негізгі бөлігін қабылдаған Таяу Шығыс елдеріне (Түркия, Ливан, Иордания) қолдау көрсетуге, сондай-ақ Сирия халқының өзіне гуманитарлық көмек көрсетуге бағытталды.

2015 жылы Еуропалық Одақ Сирия дағдарысына ден қою жөніндегі аймақтық трастық қорды (Madad қоры) құрды, оның аясында Таяу Шығыстағы босқындар мен қабылдаушы қауымдастықтар үшін білім беру, денсаулық сақтау және күнкөріс көздерін қолдау салаларындағы жобалар қаржыландырылды. Сонымен қатар, ЕО Сирия аумағындағы гуманитарлық көмекті ұлғайтып, зардап шеккен халықты азық-түлікпен, ауызсумен және негізгі қызметтермен қамтамасыз етуге басымдық берді.

Дегенмен, көші-қон саясаты деңгейінде Еуропалық Одақ әлі күнге дейін «климаттық босқындар» ұғымын дербес құқықтық санат ретінде ресми түрде мойындамай отыр. Сириялық мигранттар, әдетте, олардың қоныс аударуы қақтығыс салдарынан ба немесе климаттық апаттардың әсерінен болды ма деген айырмашылыққа қарамастан, босқын мәртебесі не гуманитарлық негіздердегі уақытша қорғау тетіктері арқылы қорғалады. Сонымен қатар, Еуропалық Одақ сириялық дағдарыста климаттық фактордың ролін және елдің болашақ дамуы үшін климаттық тұрақтылықтың маңызын мойындайды. ЕО қолдайтын Сирияны қалпына келтіру бағдарламалары бейімделу компоненттерін қамтиды, соның ішінде суару жүйелерін қалпына келтіру және тұрақты ауыл шаруашылығы тәжірибелерін енгізу шаралары көзделген. Бұл ауыл шаруашылығының климаттық тұрғыдан осал түрлеріне тәуелділікті төмендетуге бағытталған. Алдағы кезеңде сарапшылар климаттық апаттар салдарынан қоныс аударған тұлғалар үшін Еуропада қоныстандыру критерийлерін кеңейту немесе гуманитарлық визалар тетіктерін дамыту сияқты жаңа тәсілдерді қарастыруды ұсынады. Бұдан бөлек, ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізу Еуропалық Одақтан климат мәселелерін саяси реттеу үдерістеріне жүйелі түрде кіріктіруді талап етеді: Сирияда бейімделу жобаларын және

жаңартылатын энергетиканы қолдау қоршаған ортаның нашарлауынан туындауы мүмкін жаңа көші-қон толқындарының тәуекелдерін азайтуға ықпал ете алады.

Ауғанстан: климаттық осалдық және халықтың қоныс аударуы. Ауғанстан – климаттың өзгеруі гуманитарлық дағдарысты тереңдетіп, оның ішінде Еуропа бағытындағы көші-қон ағындарын да күшейтетін елдердің тағы бір мысалы болып табылады. Халықаралық көші-қон ұйымының деректеріне сәйкес, соңғы жылдары Ауғанстан аумағында табиғи апаттар қарулы қақтығыстарға қарағанда халықтың көбірек бөлігін ішкі көші-қонға мәжбүр еткен. Экстремалды ауа райы құбылыстарының жиілігі күрт артты: қайталанатын құрғақшылықтар ауыл шаруашылығын әлсіретсе, тосын әрі күшті нөсер жауындар мен су тасқындары инфрақұрылымның қирауына алып келді. 2021–2024 жылдар аралығында шамамен 3 миллион ауған азаматы табиғи апаттардың салдарынан қоныс аударуға мәжбүр болды, ал тек 2024 жылдың өзінде су тасқындары, құрғақшылықтар және өзге де климаттық қауіп-қатерлер салдарынан 988 мың адам уақытша орын ауыстыруды бастан өткерді. Халықаралық көші-қон ұйымы табиғи катаклизмдердің Ауғанстанда халықты қоныс аударуға мәжбүрлеу ауқымы бойынша қақтығыстардан асып түсе бастағанын атап көрсетеді. Ауғанстан жаһандық парниктік газдар шығарындыларына мардымсыз үлес қосқанымен, климаттың өзгеруінен ең қатты зардап шеккен он елдің қатарына кіреді. 2021–2023 жылдар аралығында ел аумағында су және азық-түлік ресурстарының созылмалы тапшылығын одан әрі ушықтырған ең ұзақ құрғақшылықтардың бірі орын алды: құрғақшылық Ауғанстанның басым бөлігін қамтып, шамамен 10 миллион адамды ашаршылық қаупінің шегіне жеткізді. Сонымен қатар, өзге де климаттық аномалиялардың күшеюі байқалуда – қыста қатты аяздар мен қалың қар жаууы, ал көктем мезгілінде жойқын су тасқындары тіркеліп, олардың салдарынан 2023 жылы жүздеген адам қаза тапты (IOM: Nine Million People Impacted by Climate Hazards in Afghanistan Over One Year, 2025). Табиғи апаттардың әсерінен ауыл шаруашылығы өндірісі едәуір қысқарып, бұл азық-түлік бағасының өсуіне және кедейліктің тереңдеуіне алып келді. 2021 жылы биліктің ауысуымен күрделене түскен саяси тұрақсыздық пен экономикалық дағдарыс жағдайында климаттық қысым ауған қоғамының ең осал

топтарын тіршілік ету жолын іздеу мақсатында елден кету туралы шешім қабылдауға итермелеп отыр. Сарапшылар бейімделу шаралары жүзеге асырылмаған жағдайда Ауғанстан жақын болашақта «климаттық босқындардың» жаңа жаппай толқынына тап болуы мүмкін екендігін ескертеді (D'Souza, 2024).

Климаттық және экономикалық себептерге байланысты қоныс аударған ауған азаматтарының басым бөлігі бастапқы кезеңде ел ішіндегі көші-қонды немесе көршілес мемлекеттерге (Иран, Пәкістан) қоныс аударуды жүзеге асырады. Алайда олардың едәуір бөлігі көші-қон бағытын одан әрі жалғастырып, Еуропаға дейін жетеді. Ауғанстан көптеген жылдар бойы Еуропалық Одақта баспана сұраушылар саны бойынша алдыңғы орындардың бірін иеленіп келеді. 2021 жылы тәліптердің билікке келуінен кейін ауған баспана іздеушілерінің саны айтарлықтай артты және 2024 жылы шамамен 87 мың өтініш тіркеліп, бұл көрсеткіш сириялықтардан кейінгі екінші ірі топты құрады (Latest Asylum Trends – Annual Analysis, 2024).

Ауған азаматтарының Еуропаға көші-қонының себептері әртүрлі болғанымен – қудалау мен соғыстан бастап кедейлікке дейін – климаттық факторлардың рөлі барған сайын айқын бола түсуде. Су көздерінің тартылуы, құрғақшылық салдарынан егін мен малдың жойылуы ауылдық қауымдастықтарды таңдау алдында қалдырады: не аштыққа төзу, не қалыптасқан мекендерін тастап кету. Бірнеше сәтсіз егін маусымынан кейін тұрмысы күйзеліске ұшыраған көптеген отбасылар алдымен қалаларға қоныс аударып, кейіннен онда да өмір сүру мүмкіндіктерін таба алмаған жағдайда шетелге кетуге мәжбүр болады. Қақтығыс пен климаттың өзгеруі Ауғанстанда миллиондаған адамның қозғалысқа түсуіне алып келген жағдайларды қалыптастырды. Ел ішінде өмір сүру перспективаларының болмауы бұл көші-қонның бір бөлігінің трансконтиненталдық сипат алуына себеп болып, оның Еуропалық Одаққа бағытталған жалпы көші-қон ағындарына қосылуына ықпал етуде.

Климаттық мәселелерді шешудегі Еуропалық Одақтың шаралары. Ауғанстандағы күрделі ахуалды мойындай отырып, Еуропалық Одақ гуманитарлық көмек көрсетуге және жергілікті халықтың орнықтылығын қолдауға басымдық беріп отыр. 2021 жылдан кейінгі саяси контекст тікелей даму ынтымақтастығын жүзеге асыруды қиындатқанымен, ЕО халықаралық

ұйымдар арқылы өмірлік маңызы бар бағдарламаларды қаржыландыруды жалғастыруда. 2023 жылғы шілде айында Еуропалық Одақ Ауғанстанда климаттық өзгерістердің салдарларымен және азық-түлік дағдарысымен күресуге бағытталған қосымша 7,6 млн еуро көлеміндегі гуманитарлық жарнаны жариялады. Аталған қолдау, атап айтқанда, ауыл шаруашылығын қолдауға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды (Zhou et al., 2023). Жалпы алғанда, 2022–2024 жылдар аралығында Еуропалық Одақ пен оның мүше мемлекеттері құрғақшылық пен су тасқындарынан зардап шеккен ауған халқына азық-түлік көмегін көрсетуге, сумен жабдықтауға және медициналық қызметтерді қамтамасыз етуге жүздеген миллион еуро көлемінде қаржы бағыттады.

Төтенше гуманитарлық көмектен бөлек, ЕО NDICI – *Global Europe* тетігі арқылы мәжбүрлі көші-қонның түпкі себептерін жоюға ұмтылуда. NDICI (Көршілестік, даму және халықаралық ынтымақтастық құралы) 2021–2027 жылдарға арналған кезеңде өз қаражатының кемінде 30%-ын климаттың өзгеруімен күреске, ал шамамен 10%-ын көші-қонды басқаруға және оның бастапқы себептерін, соның ішінде климаттық орнықтылықты арттыруға бағыттауды көздейді (Neighbourhood, development and international cooperation instrument (NDICI) – “Global Europe”). NDICI шеңберінде Ауғанстан мен Орталық Азияның көршілес елдері үшін орнықты ауыл шаруашылығын дамыту, су ресурстарын басқару және табиғи апаттарға дайындық деңгейін арттыруға арналған жобалар қаржыландырылуда. Аталған бастамалар халықтың өзгеріп жатқан климаттық жағдайларға өз елінде бейімделуіне мүмкіндік беріп, қауіпті көші-қонға жүгінудің алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар, Еуропалық Одақ пен Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы аймақтағы ауған босқындары мен оларды қабылдаушы қауымдастықтарды қолдауға бағытталған келісім жасасты, бұл өз кезегінде Еуропаға қоныс аударуға деген ынталандыруларды жанама түрде төмендетуге ықпал етеді (UNHCR and the European Union join forces to provide lasting solutions for Afghan refugees and returnees, 2025). Сарапшылар талқылап отырған жаңа ұсыныстардың қатарына ауған азаматтары үшін заңды көші-қон арналарын кеңейту (мысалы, Еуропадағы білім беру және еңбек квоталары), сондай-ақ бейімделу жобаларын мақсатты

түрде қаржыландыру шаралары жатады. Бұл жобалар орнықты су инфрақұрылымын салудан бастап су тасқындары туралы ерте ескерту жүйелерін құруға дейінгі бағыттарды қамтиды. Ауғанстанда климаттық тәуекелдерді азайту мен бейімделуге бағытталған мұндай шаралар елден кетуге мәжбүр болатын адамдар санын қысқартуға мүмкіндік беріп, ұзақ мерзімді перспективада Еуропалық Одаққа түсетін көші-қон жүктемесін төмендетуге ықпал ете алады.

Сомали: құрғақшылық, су тасқындары және халықтың қоныс аударуы. Сомали – Африка мүйісінде орналасқан, экстремалды климаттық құбылыстарға айрықша осал мемлекеттердің бірі. Соңғы жылдары ел аумағында 2020–2023 жылдар аралығын қамтыған ұзақтығы мен ауқымы бойынша рекордтық құрғақшылық орын алды: қатарынан бес жаңбырлы маусым толықтай сәтсіз аяқталып, соның салдарынан ел аумағының шамамен 90% -ы төтенше құрғақшылық жағдайына түсті. Көпжылдық «жауын-шашын тапшылығы» 8 миллионнан астам тұрғынды, яғни халықтың жартысынан көбін қамтып, мал басының жаппай қырылуына, ауыл шаруашылығы өндірісінің күйреуіне және азық-түлік тапшылығының күрт ушығуына алып келді. 2022 жылы тек құрғақшылықтың өзінен Сомалиде 1 миллионнан астам адам ел ішінде қоныс аударуға мәжбүр болды. 2023 жылдың соңында жағдай күрт өзгеріп, Эль-Ниньо құбылысының ықпалымен жауын-шашынның ерекше мол түсуі тіркелді, бұл ауқымды әрі жойқын су тасқындарының орын алуына себеп болды. 2023 жылғы қазан–желтоқсан айлары аралығында нөсер жауындар ауқымды су тасқындарын туындатып, олардың салдарынан 2,5 млн адам зардап шекті, оның ішінде 1,2 млн тұрғын елді мекендердің су астында қалуына байланысты өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Осылайша, Сомали екі шектен тұратын «тұзаққа» қалып отыр: бір жағынан – өлімге әкелетін құрғақшылық, екінші жағынан – жойқын су тасқындары.

Ондаған жылдарға созылған ішкі қақтығыспен мемлекеттік институттардың әлсіздігімен үштасқан климаттық күйзелістер кешенді дағдарыстың қалыптасуына алып келді. Гуманитарлық агенттіктердің бағалауынша, 2025 жылға қарай Сомалидің шамамен 6 млн тұрғыны өмір сүру үшін шұғыл гуманитарлық көмекке мұқтаж болады. Қазіргі таңда шамамен 4 млн сомали азаматы құрғақшылық, су тасқындары немесе қарулы зорлық-зомбылық салдарынан баспанасынан

айырылып, уақытша лагерьлерде тұрып жатқан ішкі қоныс аударған тұлғалар қатарына жатады. Табиғи апаттар ресурстар үшін бәсекелестікті де күшейтеді, ұзаққа созылған құрғақшылық кезеңінде су көздері мен жайылымдар үшін көшпелі қауымдастықтар арасындағы қақтығыстардың орын алуы көші-қон үдерістерін одан әрі ушықтырып, отбасыларды қалаларда немесе шетелде қауіпсіздеу өмір сүру жағдайларын іздеуге мәжбүр етеді (European Civil Protection and Humanitarian Aid Operations, Somalia, 2022). Сомали экологиялық факторлар гуманитарлық ахуал мен халықтың қоныс аудару үдерістеріне тікелей ықпал ететін «климаттық төтенше жағдайлар» ұғымының айқын мысалына айналды.

Сомалиден шыққан босқындардың басым бөлігі дәстүрлі түрде Африка елдерінен пана табады, атап айтқанда Кения, Эфиопия және Джибути аумақтарында ірі босқындар лагерьлері қалыптасқан. Алайда олардың едәуір бөлігі көші-қон бағытын одан әрі солтүстікке қарай жалғастыруға ұмтылады. Сомали азаматтары Еуропаға жету мақсатында Йемен мен Судан арқылы Жерорта теңізі жағалауларына дейінгі қауіпті маршруттармен жүруге жиі тәуекел етеді. Құрғақшылық салдарынан малынан толық айырылған, тұрмысы күйзеліске түскен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қауымдастықтар үшін көші-қон көбіне жалғыз мүмкін жол ретінде қарастырылады.

Еуропалық баспана агенттігінің деректеріне сәйкес, Шығыс Африкадағы экологиялық дағдарыстар көші-қон ағындарының күшеюімен тікелей өзара байланысты: атап айтқанда, 2022 жылы Сомалидегі құрғақшылық осы өңірден Еуропалық Одаққа жетуге ұмтылған адамдар санының артуымен қатар жүрді. Еуропалық заңнамада «климаттық босқындар» дербес құқықтық санат ретінде ресми түрде танылмағанымен, тәжірибе көрсеткендей, Сомалиден шыққан баспана сұраушылардың едәуір бөлігі климаттық жағдайлардан туындаған аштықты, инфрақұрылымның күйреуін және күнкөріс көздерінің болмауын атап көрсетеді. Бұл факторлар өз кезегінде қудалау мен қақтығыс жағдайларын одан әрі күрделендіре түседі. Сонымен қатар, Еуропадағы, әсіресе Скандинавия елдерінде, Германияда және Нидерландта қалыптасқан сомали диаспорасы айтарлықтай ауқымды болып қалып отыр, бұл отбасыларды біріктіру арналары немесе лагерьлерден жүзеге асатын екінші реттік көші-қон арқылы жаңа келушілердің са-

нын арттыруға ықпал етеді. Сомали үшін қазіргі климаттық болжамдар да көңіл көншітпейді: Ла-Нинья құбылысының 2025 жылдың ортасына дейін жауын-шашын мөлшерінің төмендеуіне алып келуі күтілуде, бұл құрғақшылықтың жаңа толқынына қауіп төндіреді. Аталған жағдай көші-қон қысымының, соның ішінде Еуропа бағыты бойынша да, жоғары деңгейде сақталуы ықтимал екенін көрсетеді, себебі халық қайталанатын климаттық апаттардан құтылу жолдарын іздеуге мәжбүр болады.

Сомалидегі климаттық мәселелерге Еуропалық Одақтың ден қою шаралары. Еуропалық Одақ Сомалидегі дағдарысқа ден қою үдерісіне белсенді түрде қатысып, гуманитарлық көмекті климатқа бейімделуді қолдау шараларымен ұштастырып келеді. ЕО-ның Азаматтық қорғау және гуманитарлық көмек жөніндегі бас директоры (ЕСНО) арқылы жыл сайын сомалиліктердің өмірін сақтауға бағытталған елеулі қаржы қаражаты бөлінеді. 2023 жылы Сомалиге арналған Еуропалық Одақтың гуманитарлық қаржыландыру көлемі 84 млн еуродан асып, оның қомақты бөлігі құрғақшылықтан зардап шеккен халыққа көмек көрсетуге бағытталды. Аталған қаржы қаражаттары БҰҰ мен үкіметтік емес ұйымдар (ҰҰҰ) сияқты әріптестерге азық-түлік көмегін көрсетуге, таза ауызсумен қамтамасыз етуге, бастапқы медициналық қызметтер ұсынуға, сондай-ақ ең осал топтарға жататын әйелдер мен балаларды қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Еуропалық Одақ халықтың одан әрі қоныс аударуын болдырмауға ерекше назар аударып, ауылдық өңірлерде адамдардың кетуін тежеуге бағытталған көмек жобаларын қолдайды және бір мезгілде қоныс аударған тұлғалар үшін толып кеткен қалалық лагерьлердегі жағдайды жақсартуға күш салады. Төтенше гуманитарлық көмектен бөлек, Еуропалық Одақ климаттың өзгеруі жағдайында Сомалидің орнықтылығын арттыруға инвестиция салуда. 2023 жылдың соңында NDICI даму бюджеті шеңберінде 2027 жылға дейін есептелген, жалпы құны 39 млн еуроны құрайтын BREACH (*Boosting Resilience and Adaptation to Climate Change in Somalia*) жобасы іске қосылды. **BREACH** жобасының мақсаты – орнықты ауыл шаруашылығы тәжірибелерін енгізу, ерте ескерту жүйелерін дамыту және азық-түлік дағдарыстарының алдын алу шараларын жүзеге асыру арқылы қауымдастықтардың құрғақшылық пен су тасқындарына қарсы жүйелік орнықтылығын

нығайту болып табылады. Жоба аясында халықтың қоныс аудару проблемасына ұзақ мерзімді әрі орнықты шешімдер ұсыну және Сомали халқы үшін неғұрлым тұрақты болашақты қамтамасыз ету көзделгені нақты көрсетілген (*Breach: boosting resilience and adaptation to climate change in Somalia, 2024*). Бұған дейін ЕО Африкаға арналған төтенше сенім қоры (EUTF) аясында Сомалидің солтүстігінде құрғақшылықтан зардап шеккендерге қолдау көрсету және пасторальдық қауымдастықтардың орнықтылығын арттыруға бағытталған **RESTORE** жобасын қаржыландырды; 2015–2021 жылдары қолданылған бұл құрал көші-қонның, соның ішінде климаттық факторлармен байланысты түбірлі себептерін жоюға бағытталған кейінгі бастамаларға негіз қалады (*Gianna-Carina, 2022*). Қосымша ретінде, ЕО Африка Одағымен және БҰҰ-мен әріптестікте Африка мүйісі елдеріндегі құрғақшылыққа қарсы іс-қимылдың кешенді жоспары сияқты өңірлік бастамаларды қолдайды. Болашақта гуманитарлық көмек пен ұзақ мерзімді қолдауды байланыстырып, азық-түлікпен шектелмей, суару жүйелеріне, орнықты егіншілікке және табыстың баламалы көздеріне (мысалы, ауылдық жерлердегі «жасыл» энергетика) инвестиция салу ұсынылады. Мұндай бейімделу шаралары климаттық соққылардың салдарын жұмсартып, өңірден мәжбүрлі көші-қон ауқымын төмендетуге ықпал етеді.

Бангладеш: су тасқындары, қоршаған ортаның деградациясы және көші-қон сын-қатерлері. Бангладеш климаттың өзгеруінің теріс әсерлеріне ең жоғары деңгейде ұшырайтын елдердің қатарына жатады. Әлемдік тәуекелдер индексінің деректеріне сәйкес (*World Risk Report, 2023*), Бангладеш климаттық осалдық деңгейі бойынша алғашқы он елдің қатарына енеді (*Auer Frege et al., 2023*). Ірі өзендердің атырауында орналасуы, теңіз деңгейінен төмен жатқан аумақтарының болуы және халық тығыздығының жоғары деңгейі Бангладешті теңіз деңгейінің көтерілуіне және экстремалды ауа райы құбылыстарына айрықша сезімтал етеді. Соңғы онжылдықта Бангладеш қуатты тропикалық циклондардың жиі қайталануынан тұрақты түрде зардап шегіп келеді: Амфан (2020) және Ситранг (2022) циклондары жойқын дауыл толқындары мен су тасқындарын туындатып, жүздеген адамның қаза табуына және миллиардтаған АҚШ доллары көлемінде экономикалық шығын келтірді. Гималай мұздықтарының еруі

мен муссондық жауын-шашынның күшеюі салдарынан болжап болмайтын су тасқындарының жиілігі артып отыр: артық су Ганг пен Брахмапутра өзендері арқылы төмен қарай жылдам ағып, кең аумақтарды су басуда. Сонымен қатар, Бенгал шығанағындағы теңіз деңгейінің біртіндеп көтерілуі де өзекті мәселеге айналып отыр. Халықаралық валюта қорының бағалауы бойынша, 2050 жылға қарай Бангладеш жағалаулық аумақтардың су астында қалуына байланысты құрлық аумағының 15 %-дан астамын және азық-түлік өндірісінің 30 %-на дейінін жоғалтуы мүмкін. Қазіргі таңда Бангладештің көптеген жағалаулық ауыл шаруашылығы алқаптары топырақтың тұздануынан зардап шегіп отыр, ал 2023 жылы ел аумағында 178 км² орман жамылғысы жойылып, бұл табиғи дауылдардан қорғаныс әлеуетін айтарлықтай әлсіретті. 2014–2023 жылдар аралығында табиғи апаттар Бангладеште 14,7 млн ішкі қоныс аудару жағдайына алып келді. Аталған қоныс аударулардың басым бөлігі тұрақты су басу немесе жағалаулардың эрозиясы салдарынан өмір сүруге жарамсыз болып қалған ауылдық аумақтардан шыққан шаруалар мен балықшылардың мәжбүрлі көші-қонына жатады. Қоныс аударғандардың елеулі бөлігі ел астанасы Дакка қаласына тұрақтап, бұл мегаполис жыл сайын шамамен 400 мың ішкі мигрантты қабылдап отыр. Дүниежүзілік банктің болжамдарына сәйкес, бейімделу шаралары қабылданбаған жағдайда 2050 жылға қарай Бангладеш аумағында жердің су басуы мен экожүйелердің бұзылуы сияқты біртіндеп жүретін өзгерістердің салдарынан өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болатын **19,9 млн-ға дейін ішкі климаттық көші-қонға тартылған тұлғалар** пайда болуы мүмкін. Осылайша, климаттық күйзеліс қазіргі кезеңнің өзінде экономикалық себептермен қатар Бангладеш тұрғындарын көші-қонға итермелейтін негізгі факторлардың бірі болып отыр.

Бангладештен туындайтын көші-қонның негізгі бөлігі тарихи тұрғыдан еңбек сипатында болып, көршілес мемлекеттерге – Үндістанға, Парсы шығанағы елдеріне және Оңтүстік-Шығыс Азия өңіріне бағытталған. Алайда климаттық қысымның күшеюі мен қалалардың шамадан тыс тығыздалуы жағдайында бангладеш азаматтарының барған сайын көбірек бөлігі қауіпсіз болашақты қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде Еуропаны қоса алғанда, анағұрлым алыс бағыттарды қарастыра бастады. Бангладеш босқындар саны бойынша жетекші елдердің қата-

рына кірмегенімен, соңғы жылдары Еуропалық Одақ шекараларына заңсыз маршруттар арқылы жетуге талпынушылар санының елеулі өсімі тіркелді. Атап айтқанда, 2022 жылы заңсыз жолдармен Еуропаға келген Бангладеш азаматтарының саны 16 мыңнан асып, бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда екі еседен астам артты. Бангладеш азаматтары Жерорта теңізі мен Балқан бағыттары арқылы Еуропаға жететін мигранттар арасында саны жағынан бесінші ұлттық топқа айналды. Олардың елеулі бөлігі су тасқындары мен қоршаған ортаның деградациясы салдарынан жері мен табыс көздерінен айырылған жағалаулық және ауылдық өңірлерден шыққан тұрғындар болып табылады. Әдетте мұндай көші-қон еңбек сипатында басталады, мысалы, Парсы шығанағының экономикалық тұрғыдан дамыған елдеріне бағытталады. Алайда еңбекке орналасу немесе құқықтық мәртебеге байланысты қиындықтар туындаған жағдайда, кейбіреулер баспана алу немесе бейресми жұмыспен қамтылу үмітімен Еуропаға апаратын қауіпті маршруттарды таңдауға мәжбүр болады. Сонымен бірге, Бангладеште климаттың өзгеруінен туындайтын қоныс аударулардың басым бөлігі әлі де ел ішіндегі немесе Үндістан бағыты бойынша аймақтық деңгейде жүзеге асатынын атап өткен жөн. Еуропа бұл мәселенің тек шектеулі бөлігін ғана сезініп отыр.

Дегенмен, ЕО бағытындағы көші-қон маршруттарында бангладештік мигранттар санының өсу үрдісі климаттық ахуалдың нашарлауы Еуропаға да жанама түрде әсер ететінін көрсетеді. Климаттық өзгерістер салдарынан қоныс аударған тұлғалардың құқықтық мәртебесіне қатысты халықаралық келісімдердің болмауы жағдайында, Еуропадағы көптеген бангладеш азаматтары тек экологиялық себептер негізінде баспана алуға үміттен алмайды. Осыған байланысты олардың болашақтағы көші-қон ағындары, бір жағынан, отанындағы климаттық апаттардың ауқымына, ал екінші жағынан, Еуропалық Одақтың көші-қон саясаты мен заңды көші-қон арналарының қолжетімділігіне тәуелді болады.

Аталған мемлекеттегі климаттық дағдарысты еңсеруге бағытталған Еуропалық Одақтың шаралары. Еуропалық Одақ Бангладешке даму мен климаттық орнықтылықты нығайту бағытында ауқымды қолдау көрсетіп келеді, алайда бұл қолдаудағы көші-қон құрамдас бөлігі Сирия немесе Сомали жағдайларымен салыстырғанда анағұрлым жанама сипатқа ие.

Еуропалық Одақ пен оның мүше мемлекеттері Team Europe бастамасы шеңберінде Бангладешке бірнеше негізгі бағыт бойынша инвестиция салуда, олардың қатарына орнықты даму, климаттың өзгеруіне бейімделу және көші-қонды басқару салалары жатады. NDICI құралы аясында 2021–2024 жылдар аралығында Бангладешке Еуропалық Одақ тарапынан 306 млн еуро көлемінде гранттық көмек бөлінді. Бұл қаражаттың елеулі бөлігі климаттың өзгеруіне бейімделу және апаттар қаупін төмендету жөніндегі жобаларды іске асыруға бағытталған, соның ішінде өзен бөгеттерін нығайту, циклондар туралы ерте ескерту жүйелерін жетілдіру және климатқа төзімді ауыл шаруашылығын қолдау шаралары қамтылған. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейтуге бағытталған Green Energy Transition флагмандық бастамасы жүзеге асырылуда. Бұл бастама энергетикалық жүйенің ауа райына байланысты күйзелістерге осалдығын азайтып қана қоймай, елдің ұзақ мерзімді орнықты дамуына да ықпал етеді. Сонымен қатар, Еуропалық Одақ ауылдық өңірлерде Decent Work бағдарламаларын қолдап, аграрлық сектордан тыс баламалы жұмыспен қамту мүмкіндіктерін қалыптастыруға үлес қосуда. Бұл, әсіресе, су тасқындары салдарынан ауыл шаруашылығы жерлерінен айырылған қауымдастықтар үшін маңызды. Аталған жобалар тікелей көші-қон бағдарламалары ретінде рәсімделмегенімен, олардың негізгі мақсаты жергілікті жерлердегі өмір сүру жағдайларын жақсарту арқылы адамдарды көші-қонға итермелейтін қысымды азайту болып табылады. Сонымен бірге, Еуропалық Одақ пен Бангладеш арасындағы рохинджа босқындары мәселесі бойынша ынтымақтастықты да атап өткен жөн. Кокс-Базар аймағындағы лагерьлерде тұратын рохинджа халқының шамамен бір миллионға жуығына гуманитарлық көмек көрсете отырып, ЕО өңірдегі ықтимал тұрақсыздықтың

алдын алуға және осы осал топтардың Оңтүстік Азия шегінен тыс жерлерге бағытталуы мүмкін екінші реттік көші-қон тәуекелдерін төмендетуге ұмтылуда (International Partnerships-European Commission, 2025).

Климаттық өзгерістердің салдарларымен күрес контекстінде Бангладеш бейімделу шараларын қаржыландыруды ұлғайтуды қажет ететін ел ретінде жиі аталады. Климаттық қаржыландырудың ірі донорларының бірі ретінде Еуропалық Одақ қолдауды кеңейтуде маңызды рөл атқара алады, соның ішінде Жасыл климат қоры арқылы. Қазіргі таңда ЕО-ның қатысуымен Бангладештің жағалау сызықтарын қорғауға және дауылдарға қарсы табиғи тосқауыл ретіндегі мангр ормандарын қалпына келтіруге бағытталған жобалар **қолдау тапқан** (UNFCCC, 2023). Болашақта Еуропалық Одақ тарапынан ықтимал жаңа шаралардың қатарына Бангладештің су басу қаупі жоғары аралдық аумақтарының тұрғындары үшін арнайы қоныстандыру бағдарламаларын енгізу немесе табиғи апаттардан зардап шеккен өңірлерден келген адамдарға, ЕО-ға кірмейтін кейбір елдердің визалық бастамаларына ұқсас түрде, уақытша қорғау мәртебелерін беру тетіктерін қарастыру жатуы мүмкін. Мұндай ұсыныстар әзірге пікірталас деңгейінде болғанымен, «климаттық көші-қонға тартылған тұлғалар» санының артуына байланысты олардың өзектілігі күшейіп келеді. Қалай болғанда да, Бангладеш тәжірибесі климаттың өзгеруін жұмсарту шараларын, атап айтқанда шығарындыларды қысқарту мен жаңартылатын энергия көздеріне көшуді, жергілікті деңгейдегі бейімделу шараларымен ұштастырудың маңызын растайды, өйткені тек осындай кешенді тәсіл ғана өзге жағдайда еуропалық құрлықты да қамтуы мүмкін ауқымды халық қоныс аударуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

1-кесте – Климаттық қатерлер және көші-қон

Мемлекет	Климаттық қатерлер	Осалдық деңгейі (ND-GAIN индексі, 2023)	2050 жылға дейінгі көші-қон болжамы (млн адам) (Дүниежүзілік банк)
Сирия	Құрғақшылық, су тапшылығы	35.7	6.7
Афганистан	Құрғақшылық, су тасқындары	32.8	6.0
Сомали	Құрғақшылық, топырақ эрозиясы	35.7	5.3
Бангладеш	Су тасқындары, циклондар	32.9	13.3

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Қарастырылған мысалдар – Сирия, Ауғанстан, Сомали және Бангладеш – климаттық өзгерістердің Еуропалық Одаққа бағытталған көші-қон ағындарына жанама түрде қалай әсер ететінін айқын көрсетеді. Құрғақшылықтар, су тасқындары, шөлейттену және қоршаған ортаның деградациясы осал өңірлерде адами қауіпсіздікті әлсіретіп, қолданыстағы қақтығыстар мен әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды күшейтеді немесе жаңа сын-қатерлердің туындауына негіз қалайды.

Еуропалық Одақ көші-қонның климаттық «алғышарттары» факторын өз саяси күн тәртібіне енгізіп үлгерді. ЕО-ның стратегиялық құжаттарында климаттың өзгеруі өзге де проблемаларды ушықтырып, көші-қон қысымын арттыруға қабілетті «қауіп-қатерлерді көбейтуші» фактор ретінде танылады. Осыған сәйкес, Еуропалық Одақтың саясаты көші-қон дағдарыстарына жедел ден қоюдан мигранттардың шыққан елдерінде орнықты даму мен бейімделу шараларына инвестиция салуға бағытталған проактивті тәсілге қарай эволюциялануда. NDICI – Global Europe сияқты жаңа қаржылық құралдар арқылы Еуропалық Одақ сыртқы көмегінде климат пен көші-қон салалары бойынша нақты сандық мақсаттарды белгілеп, аталған бағыттарды өзара тығыз байланыстыра отырып іске асыруда.

Дегенмен, құқықтық және гуманитарлық сипаттағы мәселелер әлі де шешімін таппай отыр. Халықаралық құқықта біртіндеп дамитын экологиялық апаттар салдарынан қоныс аударған адамдар үшін дербес құқықтық мәртебе көзделмеген, ал Еуропалық Одақтың ішкі заңнамасында да мұндай мәртебе әзірге қарастырылмаған. Бұл «климаттық босқындар» деп аталатын тұлғалардың көбіне қорғауды өзге негіздер бойынша іздеуге мәжбүр болуына немесе мүлде қорғаусыз қалуына алып келеді. Осы олқылықтарға жауап ретінде жаңа тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі жөнінде ұсыныстар айтылуда. Атап айтқанда, климаттық апаттардан қашқан адамдар үшін гуманитарлық визалар немесе арнайы квоталар енгізу, сондай-ақ қоныстандыру бағдарламаларын жоспарлау барысында климаттың өзгеруіне осалдық критерийлерін ескеру ұсынылады. Бұдан бөлек, сарапшылар көші-қон саясатының икемділігін арттырудың маңызын атап өтіп, климаттық тұрғыдан қолайсыз өңірлерден жүзеге асатын уақытша еңбек көші-қонын халықтың бейімделу шарасы ретінде тану мен жеңілдетуді көздейтін «бейімделу ретіндегі көші-қон» тұжы-

рымдамасын қарастыруды ұсынады. Климат жөніндегі Париж келісіміне адалдығын сақтай отырып, Еуропалық Одақ климаттық әділеттілік күн тәртібін де ілгерілетуде, бұл климаттық қаржыландыру тетіктері арқылы ең көп зардап шеккен елдерді қолдауды, соның ішінде COP27 аясында құрылған «Шығындар мен залал» қорын қамтиды (Huckstep & Ginn, 2023). Осылайша, Еуропалық Одақтың көші-қон саясаты климаттық және даму саясаты салаларымен барған сайын тығыз тоғысып отыр.

Аталған мәселенің өзектілігін растау мақсатында жүргізілген талдау (төменде 1-кесте мен 2-суретте ұсынылған) Сирия, Ауғанстан, Сомали және Бангладеш үшін климаттық осалдық деңгейін және 2050 жылға дейінгі ішкі көші-қонның болжамды ауқымын айқын көрсетеді. ND-GAIN осалдық индексі (Notre Dame Global Adaptation Initiative [ND-GAIN], 2023) және Дүниежүзілік банктің «Groundswell» баяндамасы (World Bank Group, 2021) сияқты беделді халықаралық дереккөздерге негізделген бұл мәліметтер климаттық апаттар қаупіне ұшыраған халықты қорғауға арналған жаңа бейімделу тетіктері мен құқықтық құралдарды әзірлеудің аса маңызды екенін растайды. Қарастырылған елдер климаттық қатер деңгейінің жоғары болуымен сипатталады, соның салдарынан Еуропа бағытына қарай елеулі көші-қон ағындарының қалыптасу ықтималдығы да арта түседі.

Климаттық және даму саясатының тиімділігін арттыру үшін пәнаралық және ынтымақтас тәсілдің болуы қажет.

Біріншіден, білім деңгейінде – климат пен көші-қон арасындағы өзара байланысты зерттеулерді және мониторингті жалғастыру қажет, бұл ғылыми негізде болашақ көші-қон ағындарын болжауға және тиісті шараларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, практикалық іс-қимыл деңгейінде орнықтылықты арттыруға бағытталған инвестицияларды кеңейту маңызды, өйткені бүгінгі күні фермерлік шаруашылықтарды бейімдеуге немесе құрғақшылыққа қарсы іс-қимыл жүйелеріне салынған әрбір еуро ертең туындауы мүмкін көші-қон дағдарыстарына шұғыл ден қоюға жұмсалатын әлдеқайда ауқымды қаржылық шығындардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, құндылықтар мен құқық саласында экологиялық күйреуден қашып, қоныс аударуға мәжбүр болған адамдардың көмек көрсету жүйесінен тыс қалмауын қамтамасыз ету мақсатында қоныс аударған тұлғаларды қорғау-

ға арналған халықаралық нормаларды жаңарту мәселесін талқылау қажет.

Еуропалық Одақ ірі жаһандық актор ретінде осындай жаңа құқықтық қағидаттарды қалыптастыруға бағытталған бастамаларды басқару әлеуетіне ие. Түптеп келгенде, мәселенің бас-тапқы себептерін шешу, яғни климаттың өзге-руін жұмсартуға ықпал ету және қоғамдардың

бейімделуіне қолдау көрсету арқылы, Еуропа өзінің қауіпсіздігін нығайтуға да үлес қосады. Климаттық факторды ескеретін көші-қон сая-саты мәжбүрлі көші-қон мен өмір сүру үшін күрестен туындайтын қақтығыстар саны аз бо-латын орнықты болашаққа бағытталған Еуро-палық Одақтың кең ауқымды стратегиясының ажырамас бөлігіне айналуға.

Әдебиеттер

- Ahmadalipour, A., Moradkhani, H., Castelletti, A., & Magliocca, N. (2019). Future drought risk in Africa: Integrating vulnerability, climate change, and population growth. *Science of the Total Environment*, 662, 672–686. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2019.01.278>
- Ali, S., Liu, Y., Ishaq, M., Shah, T., Abdullah, Ilyas, A., & Din, I. (2017). Climate change and its impact on the yield of major food crops: Evidence from Pakistan. *Foods*, 6(6), Article 39, 1–19. <https://doi.org/10.3390/foods6060039>
- Asylum Report. (2023). *Asylum report 2023: Climate-induced displacement*. European Union Agency for Asylum. <https://www.euaa.europa.eu/asylum-report-2023/14-climate-induced-displacement>
- Bhabha, J. (2015, December). When water is safer than land. *Harvard Magazine*. <https://www.harvardmagazine.com/2015/12/when-water-is-safer-than-land>
- Buhaug, H., & Urdal, H. (2013). An urbanization bomb? Population growth and social disorder in cities. *Global Environmental Change*, 23(1), 1–10. <https://doi.org/10.1016/j.gloenvcha.2012.10.016>
- Cai, R., Feng, S., Oppenheimer, M., & Pytlikova, M. (2016). Climate variability and international migration: The importance of the agricultural linkage. *Journal of Environmental Economics and Management*, 79, 135–151. <https://doi.org/10.1016/j.jeem.2016.06.005>
- Center for Global Development. (2023, January 19). *A look back at climate migration policy in 2022*. <https://www.cgdev.org/blog/look-back-climate-migration-policy-2022>
- Civil Protection and Humanitarian Aid Operations of the European Commission. (2025). *Somalia*. https://civil-protection-humanitarian-aid.ec.europa.eu/where/africa/somalia_en
- Davis, K. F., Bhattachan, A., D’Odorico, P., & Suweis, S. (2018). A universal model for predicting human migration under climate change: Examining future sea level rise in Bangladesh. *Environmental Research Letters*, 13(6), 1–10.
- Deutsche Welle. (2022, March 17). *How the European Union spent billions to halt migration from Africa*. <https://www.dw.com/en/how-the-eu-spent-billions-to-halt-migration-from-africa/a-61362906>
- D’Souza, S. M. (2024). Climate crisis in Taliban-ruled Afghanistan: Need for an alternate approach. In J. V. Mathiesen & D. Vestenskov (Eds.), *Still here – Understanding and engaging with Afghanistan after August 2021* (pp. 177–193). SMS Press.
- European Commission. (n.d.). *Causes of climate change*. https://climate.ec.europa.eu/climate-change/causes-climate-change_en
- European Union Agency for Asylum. (2023). *Asylum report 2023: Climate-induced displacement*. <https://euaa.europa.eu/asylum-report-2023/14-climate-induced-displacement>
- European Union Agency for Asylum. (2024). *Latest asylum trends: Annual analysis*. <https://euaa.europa.eu/latest-asylum-trends-annual-analysis>
- European Commission – International Partnerships. (2021). *Global Europe: Neighbourhood, Development and International Cooperation Instrument (NDICI) (Fact sheet)*. https://international-partnerships.ec.europa.eu/system/files/2021-07/factsheet-global-europe-ndici-june-2021_en.pdf
- European Commission – International Partnerships. (2025). *Bangladesh*. https://international-partnerships.ec.europa.eu/countries/bangladesh_en
- European External Action Service. (2024). *Breach: Boosting resilience and adaptation to climate change in Somalia*. https://www.eeas.europa.eu/delegations/somalia/breach-boosting-resilience-and-adaptation-climate-change-somalia_en
- European External Action Service. (2025). *United Nations High Commissioner for Refugees and the European Union join forces to provide lasting solutions for Afghan refugees and returnees*. https://www.eeas.europa.eu/delegations/afghanistan/unhcr-and-european-union-join-forces-provide-lasting-solutions-afghan-refugees-and-returnees_en
- Eurostat. (2024). *Migration and asylum in Europe – 2024 edition*. European Commission. <https://ec.europa.eu/eurostat/web/interactive-publications/migration-2024>

- Henriques, M. (2023, November 30). Climate change: The 1.5°C threshold explained. *BBC Future*. <https://www.bbc.com/future/article/20231130-climate-crisis-the-15c-global-warming-threshold-explained>
- Huq, S., Ahmed, A. U., & Koudstaal, R. (1996). Vulnerability of Bangladesh to climate change and sea level rise. In *Climate change and world food security* (pp. 347–379).
- International Organization for Migration. (2025, February). *Nine million people in Afghanistan impacted by climate hazards last year*. KabulNow. <https://kabulnow.com/2025/02/iom-nine-million-people-in-afghanistan-impacted-by-climate-hazards-last-year/>
- Institute for Economics & Peace. (2007). *About us*. <https://www.economicsandpeace.org/about>
- Killelea, S. (2020). *Ecological Threat Register 2020*. Institute for Economics & Peace. <https://www.economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2020/09/Ecological-Threat-Register-Press-Release-27.08-FINAL.pdf>
- Klimawandel, Konflikte. Studie: Lebensraum von einer Milliarde Menschen im Jahr 2050 bedroht. (2020). *Handelsblatt*. <https://www.handelsblatt.com/politik/international/klimawandel-konflikte-studie-lebensraum-von-einer-milliarde-menschen-im-jahr-2050-bedroht/26170494.html>
- Migration Policy Institute. (2024). *Bangladesh–India climate migration*. <https://www.migrationpolicy.org/article/bangladesh-india-climate-migration>
- Mixed Migration Centre. (2024). *Bangladesh: A complex migration landscape*. <https://mixedmigration.org/bangladesh-complex-migration-landscape/>
- Notre Dame Global Adaptation Initiative. (2023). *ND-GAIN Country Index rankings*. <https://gain-new.crc.nd.edu/ranking>
- Stockholm International Peace Research Institute. (2023). *Climate, peace and security fact sheet: Afghanistan 2023*. <https://www.sipri.org/publications/2023/partner-publications/climate-peace-and-security-fact-sheet-afghanistan-2023>
- United Nations Framework Convention on Climate Change. (2023). *Community-based adaptation to climate change through coastal afforestation (CBACC-CF project in Bangladesh)*. <https://unfccc.int/climate-action/momentum-for-change/activity-database/community-based-adaptation-to-climate-change-through-coastal-afforestation-cbacc-cf-project-in-bangladesh>
- United Nations. (n.d.). *What is climate change?* <https://www.un.org/en/climatechange/what-is-climate-change>
- United Nations General Assembly. (2018, December 19). *Global Compact for Safe, Orderly and Regular Migration (A/RES/73/195)*. <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/n18/452/02/pdf/n1845202.pdf>
- World Bank. (2021, September 13). *Climate change could force 216 million people to migrate within their own countries by 2050*. <https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2021/09/13/climate-change-could-force-216-million-people-to-migrate-within-their-own-countries-by-2050>
- World Risk Report authors. (2023). *World Risk Report 2023*. Bündnis Entwicklung Hilft. https://weltrisikobericht.de/wp-content/uploads/2024/01/WorldRiskReport_2023_english_online.pdf
- Бибикова, О. П. (2016). Миграционный кризис 2015 г. в Европе и его последствия. *Актуальные проблемы Европы*, (4), 61–82.
- Воронин, Н. (2019, 24 июня). «Ад наступает». Аномальная жара в Европе может унести тысячи жизней. *BBC News Русская служба*. <https://www.bbc.com/russian/news-48774950>
- В 2050 году жизненное пространство миллиарда людей окажется под угрозой. (2020, 10 сентября). <https://www.inopressa.ru/article/10sep2020/handelsblatt/bedrohung.html>
- Грачева, М. (2020). *Глобальное и региональное измерение миграционных процессов*. <https://cyberleninka.ru/article/n/globalnoe-i-regionalnoe-izmerenie-migratsionnyh-protsessov>
- Организация Объединённых Наций. (н.д.). *Глобальные вопросы повестки дня: Изменения климата*. <https://www.un.org/ru/global-issues/climate-change>
- Право на достаточное жильё. (2010). *Права человека: изложение фактов*, (21), 1–60. https://www.ohchr.org/sites/default/files/Documents/Publications/FS21_rev_1_Housing_ru.pdf
- Правый поворот Европы. Националисты и евроскептики рвутся в Европарламент. (2014, 8 апреля). *РБК*. <https://www.rbc.ru/newspaper/2014/04/08/56befc869a7947299f72d2a2>
- Рубинский, Ю. И. (2013). *Ценностные ориентиры Европы = Main trends of the European values*. Институт Европы Российской академии наук.
- Тафуро, Э. А. (2020). «Климатическое измерение» европейской внешней политики и соседи Евросоюза. <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/klimaticheskoe-izmerenie-vneshney-politiki/>
- Ярыгин, Г. О. (2020). Международный режим по предотвращению изменения климата. <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/bez-grety-oon-i-klimaticheskaya-povestka/>

References

- Ahmadalipour, A., Moradkhani, H., Castelletti, A., & Magliocca, N. (2019). Future drought risk in Africa: Integrating vulnerability, climate change, and population growth. *Science of the Total Environment*, 662, 672–686. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2019.01.278>
- Ali, S., Liu, Y., Ishaq, M., Shah, T., Abdullah, I., Ilyas, A., & Din, I. (2017). Climate change and its impact on the yield of major food crops: Evidence from Pakistan. *Foods*, 6(6), Article 39, 1–19. <https://doi.org/10.3390/foods6060039>
- Asylum Report. (2023). *Asylum report 2023: Climate-induced displacement*. European Union Agency for Asylum. <https://www.euaa.europa.eu/asylum-report-2023/14-climate-induced-displacement>
- Bhabha, J. (2015, December). When water is safer than land. *Harvard Magazine*. <https://www.harvardmagazine.com/2015/12/when-water-is-safer-than-land>
- Buhaug, H., & Urdal, H. (2013). An urbanization bomb? Population growth and social disorder in cities. *Global Environmental Change*, 23(1), 1–10. <https://doi.org/10.1016/j.gloenvcha.2012.10.016>
- Cai, R., Feng, S., Oppenheimer, M., & Pytlikova, M. (2016). Climate variability and international migration: The importance of the agricultural linkage. *Journal of Environmental Economics and Management*, 79, 135–151. <https://doi.org/10.1016/j.jeem.2016.06.005>
- Center for Global Development. (2023, January 19). *A look back at climate migration policy in 2022*. <https://www.cgdev.org/blog/look-back-climate-migration-policy-2022>
- Civil Protection and Humanitarian Aid Operations of the European Commission. (2025). *Somalia*. https://civil-protection-humanitarian-aid.ec.europa.eu/where/africa/somalia_en
- Davis, K. F., Bhattachan, A., D’Odorico, P., & Suweis, S. (2018). A universal model for predicting human migration under climate change: Examining future sea level rise in Bangladesh. *Environmental Research Letters*, 13(6), 1–10.
- Deutsche Welle. (2022, March 17). *How the European Union spent billions to halt migration from Africa*. <https://www.dw.com/en/how-the-eu-spent-billions-to-halt-migration-from-africa/a-61362906>
- D’Souza, S. M. (2024). Climate crisis in Taliban-ruled Afghanistan: Need for an alternate approach. In J. V. Mathiesen & D. Vestenskov (Eds.), *Still here – Understanding and engaging with Afghanistan after August 2021* (pp. 177–193). SMS Press.
- European Commission. (n.d.). *Causes of climate change*. https://climate.ec.europa.eu/climate-change/causes-climate-change_en
- European Union Agency for Asylum. (2023). *Asylum report 2023: Climate-induced displacement*. <https://euaa.europa.eu/asylum-report-2023/14-climate-induced-displacement>
- European Union Agency for Asylum. (2024). *Latest asylum trends: Annual analysis*. <https://euaa.europa.eu/latest-asylum-trends-annual-analysis>
- European Commission – International Partnerships. (2021). *Global Europe: Neighbourhood, Development and International Cooperation Instrument (NDICI) (Fact sheet)*. https://international-partnerships.ec.europa.eu/system/files/2021-07/factsheet-global-europe-ndici-june-2021_en.pdf
- European Commission – International Partnerships. (2025). *Bangladesh*. https://international-partnerships.ec.europa.eu/countries/bangladesh_en
- European External Action Service. (2024). *Breach: Boosting resilience and adaptation to climate change in Somalia*. https://www.eeas.europa.eu/delegations/somalia/breach-boosting-resilience-and-adaptation-climate-change-somalia_en
- European External Action Service. (2025). *United Nations High Commissioner for Refugees and the European Union join forces to provide lasting solutions for Afghan refugees and returnees*. https://www.eeas.europa.eu/delegations/afghanistan/unhcr-and-european-union-join-forces-provide-lasting-solutions-afghan-refugees-and-returnees_en
- Eurostat. (2024). *Migration and asylum in Europe – 2024 edition*. European Commission. <https://ec.europa.eu/eurostat/web/interactive-publications/migration-2024>
- Henriques, M. (2023, November 30). Climate change: The 1.5°C threshold explained. *BBC Future*. <https://www.bbc.com/future/article/20231130-climate-crisis-the-15c-global-warming-threshold-explained>
- Huq, S., Ahmed, A. U., & Koudstaal, R. (1996). Vulnerability of Bangladesh to climate change and sea level rise. In *Climate change and world food security* (pp. 347–379).
- International Organization for Migration. (2025, February). *Nine million people in Afghanistan impacted by climate hazards last year*. KabulNow. <https://kabulnow.com/2025/02/iom-nine-million-people-in-afghanistan-impacted-by-climate-hazards-last-year/>
- Institute for Economics & Peace. (2007). *About us*. <https://www.economicsandpeace.org/about>
- Killelea, S. (2020). *Ecological Threat Register 2020*. Institute for Economics & Peace. <https://www.economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2020/09/Ecological-Threat-Register-Press-Release-27.08-FINAL.pdf>
- Klimawandel, Konflikte. Studie: Lebensraum von einer Milliarde Menschen im Jahr 2050 bedroht. (2020). *Handelsblatt*. <https://www.handelsblatt.com/politik/international/klimawandel-konflikte-studie-lebensraum-von-einer-milliarde-menschen-im-jahr-2050-bedroht/26170494.html>

- Migration Policy Institute. (2024). *Bangladesh–India climate migration*. <https://www.migrationpolicy.org/article/bangladesh-india-climate-migration>
- Mixed Migration Centre. (2024). *Bangladesh: A complex migration landscape*. <https://mixedmigration.org/bangladesh-complex-migration-landscape/>
- Notre Dame Global Adaptation Initiative. (2023). *ND-GAIN Country Index rankings*. <https://gain-new.crc.nd.edu/ranking>
- Stockholm International Peace Research Institute. (2023). *Climate, peace and security fact sheet: Afghanistan 2023*. <https://www.sipri.org/publications/2023/partner-publications/climate-peace-and-security-fact-sheet-afghanistan-2023>
- United Nations Framework Convention on Climate Change. (2023). *Community-based adaptation to climate change through coastal afforestation (CBACC-CF project in Bangladesh)*. <https://unfccc.int/climate-action/momentum-for-change/activity-database/community-based-adaptation-to-climate-change-through-coastal-afforestation-cbacc-cf-project-in-bangladesh>
- United Nations. (n.d.). *What is climate change?* <https://www.un.org/en/climatechange/what-is-climate-change>
- United Nations General Assembly. (2018, December 19). *Global Compact for Safe, Orderly and Regular Migration (A/RES/73/195)*. <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/n18/452/02/pdf/n1845202.pdf>
- World Bank. (2021, September 13). *Climate change could force 216 million people to migrate within their own countries by 2050*. <https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2021/09/13/climate-change-could-force-216-million-people-to-migrate-within-their-own-countries-by-2050>
- World Risk Report authors. (2023). *World Risk Report 2023*. Bündnis Entwicklung Hilft. https://weltrisikobericht.de/wp-content/uploads/2024/01/WorldRiskReport_2023_english_online.pdf
- Bibikova, O. P. (2016). Migratsionnyi krizis 2015 g. v Evrope i ego posledstviya. *Aktual'nye problemy Evropy*, (4), 61–82.
- Voronin, N. (2019, June 24). «Ad nastupaet». Anomal'naya zhara v Evrope mozhet unesti tysyachi zhiznei. *BBC News Russian Service*. <https://www.bbc.com/russian/news-48774950>
- V 2050 godu zhiznennoe prostranstvo milliarda lyudei okazhetsya pod ugrozoi. (2020, September 10). <https://www.inopressa.ru/article/10sep2020/handelsblatt/bedrohung.html>
- Gracheva, M. (2020). *Global'noe i regional'noe izmerenie migratsionnykh protsessov*. <https://cyberleninka.ru/article/n/globalnoe-i-regionalnoe-izmerenie-migratsionnykh-protsessov>
- Organizatsiya Ob"edinennykh Natsii. (n.d.). *Global'nye voprosy povestki dnya: Izmeneniya klimata*. <https://www.un.org/ru/global-issues/climate-change>
- ES sozdal trastovyi fond dlya resheniya migratsionnykh problem v Afrike. (2015, November 12). <https://www.interfax.ru/world/478862>
- Pravo na dostatochnoe zhil'e. (2010). *Prava cheloveka: Izlozhenie faktov*, (21), 1–60. https://www.ohchr.org/sites/default/files/Documents/Publications/FS21_rev_1_Housing_ru.pdf
- Pravyi povorot Evropy. Natsionalisty i evroskeptiki rvutsya v Evroparlament. (2014, April 8). *RBC*. <https://www.rbc.ru/newspaper/2014/04/08/56bfc869a7947299f72d2a2>
- United Nations General Assembly. (2018, December 19). *Global Compact for Safe, Orderly and Regular Migration (A/RES/73/195)*. <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/n18/452/02/pdf/n1845202.pdf>
- Rubinskii, Yu. I. (2013). *Tsennostnye orientiry Evropy = Main trends of the European values*. Institut Evropy Rossiiskoi akademii nauk.
- Tafuro, E. A. (2020). «Klimaticheskoe izmerenie» evropeiskoi vneshnei politiki i sosedi Evrosoyuza. <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/klimaticheskoe-izmerenie-vneshney-politiki/>
- Yarygin, G. O. (2020). *Mezhdunarodnyi rezhim po predotvrashcheniyu izmeneniya klimata*. <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/bez-grety-oon-i-klimaticheskaya-povestka/>

Авторлар туралы мәлімет:

Шонай Аскар Абаевич (корреспондент-автор) – «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан. e-mail: shonayaskar@gmail.com)

Моргунова Оксана Алексеевна – саяси ғылымдарының докторы, Ресей халықтар достығы университеті (РХДУ) (Мәскеу қ., Ресей, e-mail: o_morgunova@hotmail.com)

Information about the authors:

Shonay Askar (corresponding author) – PhD student in the Educational Program «International Relations», Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan; e-mail: shonayaskar@gmail.com).

Morgunova Oksana – Doctor of Political Sciences, Peoples' Friendship University of Russia (RUDN University) (Moscow, Russia; e-mail: o_morgunova@hotmail.com).

Сведения об авторах:

Шонай Аскар Абаевич (автор-корреспондент) – докторант образовательной программы «Международные отношения», Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: shonayaskar@gmail.com);

Моргунова Оксана Алексеевна – доктор политических наук, Российский университет дружбы народов (РУДН) (Москва, Россия, e-mail: o_morgunova@hotmail.com).

*Жіберілді: 27 тамыз 2025 жыл
Қабылданды: 28 қараша 2025 жыл*